ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 24 қаңтар №7119-23-00-2/15808 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.М. Утегенова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
1. «Айдын» жеке кәсіпкер Алакберова Сакина Арифовна
2. «Tesla» жеке кәсіпкер Джайнаков Тимур Ерланович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Айдын» жеке кәсіпкер Алакберова Сакина Арифовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Айдын» Алакберова Сакина Арифовна жеке кәсіпкерінден "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 61 038 (алпыс бір мың отыз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 1832 (бір мың сегіз жүз отыз екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Айдын» Алакберова Сакина Арифовна жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Tesla» жеке кәсіпкер Джайнаков Тимур Ерланович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Tesla» Джайнаков Тимур Ерланович жеке кәсіпкерден "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 4980 (төрт мың тоғыз жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы және 150 (жүз елу) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Tesla» Джайнаков Тимур Ерланович жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.М. Утегенова

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 24.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.03.2024, судья Нурланов Б. К., 29.03.2024

7119-23-3-1/15595